

Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы "Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесінің анықталуының қағидаларын бекіту туралы" № 19- 85 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жетісу облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 маусымдағы № 31-139 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 14 маусымда № 225-19 болып тіркелді

Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы "Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін анықталуының қағидаларын бекіту туралы" № 19- 85 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 190304 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін анықталуының қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

7-тармақтың 6) тармақшасының бірінші бөлігінде "5 (бес)" саны "7 (жеті)" санына өзгертілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Сулейменов